

Студенты сделали вывод о несовершенстве действующего законодательства в области приобретения или сбыта имущества заведомо преступным путем (статья 183 Уголовного кодекса РК, предусматривающая ответственность покупателя), т.к. такая покупка может наказываться ограничением свободы на срок до 3 лет, либо лишением свободы на срок до 4 лет, либо штрафом в размере до 100 МРП или в размере заработка платы за период до двух месяцев. Также много лазеек в УК о незаконной охоте, иначе – браконьерстве (статья 288 УК РК).

О несовершенстве закона, о недостаточной исполнительной деятельности соответствующих органов, по мнению студентов, говорят многочисленные факты истребления самцов сайги ради рогов, потребляемых китайской медициной.

Подведение итогов проведённой работы показало, что при использовании исследовательских методов в обучении студенты изучили историю проблемы «Состояние численности популяций *saiga tatarica* в Казахстане», получили знания в области методологии научного исследования, учились моделировать познавательные и профессиональные задачи, анализировать полученные результаты, овладевали умениями критически анализировать источники информации, проводить наблюдения.

Опыт организации УИРС на занятиях по дисциплине «Биоресурсы Казахстана» показывает, что исследовательская работа способствует эффективному приобщению студентов к профессиональной деятельности, помогает им овладевать теорией, формирует качества исследователя, активную гражданскую позицию. Исследовательская деятельность позволяет студентам выйти в культурное пространство самоопределения. Студент оказывается в ситуации проектирования собственной предметной деятельности в избранной им области, сталкивается с необходимостью анализа последствий своей деятельности. Учебная активность приобретает более непрерывный и мотивированный характер.

Исследовательская работа студентов имеет высокий воспитательный потенциал, поскольку при её проведении студент должен выразить отношение к изучаемому материалу, свою гражданскую позицию к проблеме сохранения сайгаков в фауне Казахстана.

Таким образом, исследовательская деятельность студентов, системно развивающаяся в образовательном учреждении, способствует активизации позиций студентов в образовательном процессе, развитию творческой активности, формированию экологической культуры и повышению профессиональной подготовки в целом.

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Бекенов А., Грачев Ю. Исчезает сайга // Казахстанская правда от 26.12.2002.
- 2 Рубинштейн С.Л. Проблемы общей психологии. – М., 1998.
- 3 Савенков А.И. Содержание и организация исследовательского обучения школьников. – М., 2004.
- 4 Стефановская Т.А. Педагогика: наука и искусство. – М.: Совершенство, 2009.

#### **ТАБИГИ РЕЗЕРВАТЫ МАТЕРИАЛДАРЫН ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИМДІЛІГІ**

*USING OF THESE MATERIALS NATURAL RESERVATION  
IN EDUCATIONAL SYSTEM*

**Қуанбай Ж.І., Сырымбетов С.Т., Туралин Б.А.  
Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты, Казахстан**

Қазақстан әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына енүі үшін әлемдік жоғары инновациялық технологияларды білім деңгейін көтеру мақсатында қолдануы міндетті. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық

іс – әрекеттің ғылыми педагогикалық негіздерін менгеруі – маңызды мәселелердің бірі. Өйткені, жаңа педагогикалық технологияны менгеруге мұғалімдерді даярлау – олар кәсіби білімін көтеруге дайындау аспектісінің бірі және педагогтің жеке тұлғасын қалыптастыру үрдісіндегі іс – әрекеттің нәтижесі болып табылады.

Қазіргі таңда «табиғат – қоғам - адам» жүйесіндегі қарым – қатынастың үйлесімділігін қамтамасыз етуде білім мен тәрбие бере отырып, олардың қоршаған ортаға саналы қозқарасын, ізгілікті қарым-қатынасын орнату, нақты, жүйелі іс-әрекет жасауына мүмкіндік береді. Оку үрдісінде Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерватының жануарлар әлемін зерттеу нәтижелерін пайдалану зоология пәні бойынша жаңашыл технологияны қолдануға зор мүмкіндік береді.

Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерваты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 14 ақпан 2007 жылғы №109 Қаулысымен құрылған.

Қазақстан Республикасы «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңының 9 тарапуы, 50 бабына сәйкес мемлекеттік табиғи резерват – табиғи кешендердің биологиялық саналуандығын және олармен байланысты табиғи және тарихи, мәдени объектілерді құзетуге, қорғауға, қалпына келтіруге және сақтауға арналған жердегі және судағы экожүйелерді қамтитын табиғат қорғау және ғылыми мекеме мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ болып табылады. Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерваты өзінің бірегей табиғи ерекшеліктеріне байланысты 2008 жылы Бұқіл әлемдік табиғи мұралар тізіміне енгізілген.

Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты және Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерватының арасындағы келісім-шарт мақсаты Ырғыз – Торғай мемлекеттік табиғи резерваты фаунасының қазіргі жағдайын анықтау, жойылуға жақын, сирек кездесетін жануарлар түрлерін есепке алу, фаунасына талдау жүргізу, жануарлар әлеміне қоршаған орта факторларының және антропогендік факторлардың әсерін бақылау. Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерватына 2009–2011 жылдары жүргізілген экспедиция барысында осы аталған шаралар жүзеге асырылды.

Зерттеу жұмысының барысында алынған мәліметтер бойынша, сондай-ақ ғылыми мәліметтерге сүйене отырып, Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерваты фаунасының түрлік құрамына, қазіргі кездегі жағдайына сипаттама берілді. Түрлердің экологиялық ерекшеліктерін зерттеуде, таксондарды айқындауда морфологиялық-географиялық әдіс пайдаланылады.

Ырғыз Торғай мемлекеттік табиғи резерватында жануарларды жан-жақты зерттеу және қорғау шараларын ұйымдастыру арқылы келесідей маңызды мәселелерді шешілді:

- фаунаның қазіргі таңдағы түрлік құрамына сипаттама беріліп, бұрынғы зерттелінген мәліметтермен салыстырмалы баға берілді;
- жойылу қауіпінде тұрған жануарлар анықталып, қорғауға алынды;
- жануарлар әлемінің түрлік құрамын жақсарту шаралары ұсынылды; (киік, қоян, қасқыр т.б.)
- жануарлардың маңызы мен құндылығын халықта насихаттап, экологиялық мәдениеттің қалыптастырып, табиғи қорларды тиімді пайдалану, оларды алғашқы құйінде сақтап, қалпына келтіру, туған жерге деген сүйіспеншілікті арттыру;
- оку үрдісінде Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерватының жануарлар әлемін зерттеу нәтижелерін пайдалану арқылы зоология пәні бойынша жаңашыл технологияны қолдануға мүмкіндігі туды.

Географиялық орны солтүстігінде Бөгеткөл, солтүстік батысында Әйтекеби аудандарымен, оңтүстігінде Қызылорда, шығысында Жезқазған, батысында Ақтөбе облыстарымен (көлемі 302 мың шаршы км) оңтүстік батысында Шалқар аудандармен ұштасып жатыр.

Резерват территориясында құстардың 250 түрі кездеседі. Олардың ішіндегі 109 түрі сұлы-сазды кешенниң өкілдері, бұлардың ішінен балшықшылары 44, пластинка тұмсықтар 26, шағалалар 14 түрі бар. Ең көп түрі 90, және жыртқыш құстардың 30 түрі кездеседі. Осы құстардың ішіндегі 32 түрі «Қызыл кітапқа» енген, олар – ақбауыр бұлдырық, бұйра бірқазан, қызғылт бірқазан, қарабай, кіші аққұтан және т.б. Резерват территориясында омыртқа-

сыздардың 15 түрі тіркелген: олар шаршылы өрмекші, кәдімгі шыбыншы, лютка инелігі, кәдімгі дәуіт, жасыл шегіртке, қандала әскер, айналғыш қоңыз, алтынтусті қолақоңыз және т.б. Дегенмен бұл омыртқасыз жәндіктерді зерттеу жұмыстары толық аяқталған жоқ. Сонымен қатар олардың индикаторлық түрлері анықталған жоқ.

Омыртқалылардың 42 түрі «Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерваты» территориясында кездеседі. Олардың ішінде ең кең таралғаны кеміргіштер болып табылады; кіші *Citellus pygmaeus* және үлкен сарышұнақ *Spermophilus major*, құм сарышұнағы сүслик *песчаник Spermophilus fuloris*; дала тышқаны-степная мышовка – *Sicista subtilis*; Шақылдақ тышқан – Степная пищуха – *Ochotona pusilla*; сазды жерлерде ұзын құйрықты қосаяқ – *Pygerethmus platiurus*. Кәдімгі атжалман – Обыкновенный хомячок – *Cricetus cricetus* үлкен таралу аймағына ие. Ал, тақыр мен сортаң жерлерде тарбаганшы – тарбаганчик – *Pygerethmus pumilio*; орқоян – заяц-русак – *Lepus europeus Pallas*; қамыс қоғалы жерлерде су сұртышқаны-водяная полевка – *Arvicola terrestris Linnaeus*; сутышқан – Ондатра – *Ondatra ribethicus*; қабан – кабан – *Sus scrofa*, карсақ – *Vulpes corsac*; дала күзені – степной хорек – *Mustela eversmanni*; түлкі – *Vulpes vulpes*; қасқыр-волк – *Canis lupus*.

Территорияның оңтүстік бөлігінде бетпақдала популяциясының өкілі-киік – *Saiga tatarica* мекен етеді. Киік – шөлді және жартылай шөлді аймақта миграция жасаушы аша тұяқтылар. Зоология институтының мәліметі бойынша ақбөкендер 81 түрлі шөппен қоректенеді екен. Олардың ерте көктемде – 11, көктемде – 29, жазда – 51, күзде – 19, қыстығұні – 20 түрлі шөпті жейтіні анықталған.


Индикаторлық түрлердің мониторингі қоршаған органды және тірі табиғатты менгеру үшін қажетті элемент. Осындағы бақылаулар нәтижесінде сыртқы табиғи ортада және экожүйе кешендерінде болып жатқан құбылыстар мен өзгерістер туралы біз нақты мәліметтер алғы отырмыз. Келесі кестеде жануарлар түрлерінің индикаторлық мониторингі көрсетілген.

Кесте 1

Индикаторлық түрлердің мониторингі

<i>Класс: Сүтқоректілер- Млекопитающие</i>	
<i>Отряд: ЖҰПТҰЯҚТАЛАР – ПАРНОКОПЫТНЫЕ – ORDO ARTIODACTYLA OWEN</i>	
1	Киік – Сайгак – <i>Saiga tatarica</i>
2	Қабан – Кабан – <i>Sus scrofa</i>
<i>Класс: Құстар – Птицы – Aves</i>	
1	Дала қыраны – Степной орел – <i>Aquila nipalensis</i>
2	Қарақұс – Могильник – <i>Aquila heliacal</i>
3	Жалбагай – Колпика – <i>Platalea leucorodia</i>
4	Тарғақ – Кречетка – <i>Chettusia gregaria</i>
5	Аққұйрықты тарғақ – Белохвостая пигалица – <i>Vanellochettusia leucura</i>
6	Ақбас үйрек – Савка – <i>Oxyura leucocephala</i>
7	Бұйра бірқазан – Пеликан кудрявый – <i>Pelecanus crispus</i>
8	Қызығылт бірқазан – Пеликан розовый – <i>Pelecanus onocrotalis</i>
9	Үкі – Филин – <i>Bubo bubo</i>
10	Қарабай – Каравайка – <i>Plagadis falcinellus</i>
11	Қоқиқаз – Фламинго – <i>Phoenicopterus roseus</i>

Ырғыз-Торғай мемлекеттік резерватының зерттеу материалдары студенттердің ғылыми көзқарастарын тереңдетіп, пәнге қызығушылығын арттырып, экологиялық мәдениетін, тағым белсенділігін қалыптастыруына көмегін тигізіп, табиғатты сын көзben бағалауға үйретеді.



*Сүрет 1. Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерватында жануарлар әлемінің тарапу картасы*

Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерваты жануарлар әлемінің биологиясын, түрлөрін анықтау, табиғатта тарапалын, олардың қазіргі жағдайын, жойылып бара жатқан және сирек кездесетін, Қызыл кітапқа енген өкілдерін, олардың экологиясын зерттеу нәтижелерін оқу үрдісіне енгізу студенттерге экологиялық білім мен тәрбие беру, табиғи қорларды тиімді пайдаланып, оларды алғашқы күйінде сақтап, қалпына келтіру, туған жерге деген сүйіспен-шілдікі арттыруға негіз бола алады. Сол мақсатта Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты мен Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерватының арасында келісім-шарт жасалып, биология мамандығы студенттерінің оқу жоспарына «Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерватының флорасы және фаунасы» пәні енгізілді.

Үрпағы білімді халықтың болашағы бұлдыңғыр болмайды. Жас үрпақса сапалы, өнегелі тәрбие мен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы. «Бұлақ көрсөн көзін аш» дегендей, оқытушының міндеті – студент бойында жасырынып жатқан мүмкіндікті ашу. Кез-келген адам оку әрекетінде адамзат баласының өмір бойы жинақтаған тәжірибесін менгеріп, сонымен қатар, шығармашылық іс-әрекеттерді орындау арқылы өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады. Білім беру үрдісінде проблеманы өзі шешуге талпыныс жасау арқылы өз қызығушылығын қанағаттандыруға, өз идеясын жүзеге асыруға әрекет етеді.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Арыстангалиева С. А., Рамазанов Е.Р. Қазақстан жануарлары. – Алматы: Наука КазССР, 1997. – 20–21 бет.
  - 2 Бейсенова Ә. Қазақстан табиғатын зерттеу және физгеографиялық идеялардың дамуы. – Алматы: Рауан, 1990. – 39 б.
  - 3 Быков Б.А. Очерки истории животных мира Казахстана и Средней Азии. – Алма-Ата: Наука, 1997. – 22 б.
  - 4 Тұқыбаев Н. және басқалары. Жалпы геология курсы. – Алма-Ата: Білім, 2003. – 98–100 б.
  - 5 Ақтөбе Энциклопедиясы I–II том.